



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



«Бекітемін»

Тарих және құқық факультетінің деканы

Кенжебаев Ғ.К.

» _____ 2024ж.

«8D03103-Әлеуметтану» білім беру бағдарламасы бойынша түсу
емтиханының

БАҒДАРЛАМАСЫ

«8D03103-Әлеуметтану» ББ бойынша түсу емтиханының бағдарламасы
Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының отырысында
талқыланды, хаттама № 8, «14» наурыз 2024 жылы

Саясаттану және
әлеуметтік-философиялық пәндер
кафедрасының меңгерушісі

_____ Симтиков Ж.К.

Бағдарламаны Тарих және құқық факультетінің Кеңесі ұсынған, №8
хаттама, 24 сәуір 2024 жылы

Алматы, 2024

Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

8D031 – Әлеуметтік ғылымдар (Әлеуметтану) білім беру бағдарламасы бойынша PhD түсуші әлеуметтану мамандығы бойынша магистрлік білімі бар талапкерлерге арналып құрастырылды. Бұл бағдарламада қазіргі заман әлеуметтануының негізгі мәселелері көрініс тапқан: әлеуметтанудың ғылым ретінде спецификасы, шетелдік және қазақстандық әлеуметтану, қоғам әлеуметтануының құрылысы, әлеуметтік топтар мен субъектілердің негізгі әлеуметтік қарым-қатынасының мінездемесі, әлеуметтанудың салалары және т.б.

Бағдарлама мазмұны

Тақырып 1. Әлеуметтану ғылымы туралы

Әлеуметтану пәні мен объектісі жайында қазіргі түсініктер. Әлеуметтанудың зерттеу пәні аясында жүріп жатқан дискуссиялар. Батыстық әлеуметтану: тенденциялары мен даму бағыттары. Қазіргі заман Ресей әлеуметтануы: тенденциялары мен даму бағыттары. Қазақстандық әлеуметтану: негізгі бағыттары мен субъектілері. Жаһандану және әлеуметтік процестерді зерттеудегі жаңа әдіснамалық тұрғылар(подходы). Әлеуметтану ілімінің және әдіснамасының іс жүзінде қолданылуы. Әлеуметтанулық теория құрылымындағы ауыспалы факторлар (переменные). Әлеуметтік өзгерістер әлеуметтануы.

Тақырып 2. Әлеуметтану теориясы

Әлеуметтанудағы құрылым-функционалдық парадигмасы. Әлеуметтанудағы функционалдық бағытының негіздеушісі Э.Дюркгейм. Функционалдық жүйелік әдіснама. Әлеуметтік дау-жанжал парадигмасы мен бағыттары. Дарендорф дау-жанжалдардың әлеуметтік зардаптары туралы. Интеракционализм. Әлеуметтік өзарабайланыстар парадигмасы. Адамның әлеуметтік мінез-құлығының зерттеуіндегі символикалық қозғалыстардың рөлі. Э.Гидденс және қазіргі әлеуметтану. Индустриалды және индустриядан кейінгі қоғамның теориялары. Ақпараттық қоғам теориясы. М.Кастельс. Әлеуметтік институт теориясы. Этнометодология әлеуметтану теориясының құрылымында. Ақпараттық қоғам теориялары.

Тақырып 3. Әлеуметтік зерттеудің методикасы мен методологиясы

Эмпирикалық әлеуметтану біртұтас әлеуметтану ғылымының бөлігі. Эмпирикалық әлеуметтанулық зерттеудің теориялық негіздері. Әлеуметтанудағы ауыспалы факторлар (әлеуметтік фактілер) мен олардың негізіндегі әлеуметтік ой-толғаулар мен талдаулар. Зерттеуі әдебі. Зерттеудің сапалы және сандық әдістері. Фокус - топтық зерттеу әдісі. Зерттеудің әлеуметтік өлшемдеу әдістері. Әлеуметтік эксперимент. Сұрақ арқылы зерттеуді ерекшелік. Іріктеу. Басты және іріктелген жиынтық. Зерттеу алаңындағы кешенді зерттеу және тікелей бақылау. Әлеуметтік зерттеудегі екінші және тарихи талдау. Әлеуметтік болжаудың мәні мен ғылыми негіздері. Әлеуметтік процесстердің ғылыми болжау әдістері.

Тақырып 4. Әлеуметтанулық зерттеудің теоретикалық- әдістемелік негізі.

Әлеуметтанулық зерттеу түсінігі. Әлеуметтанулық зерттеулер идеясы: бағдарламаның кіріспе бөлімін әзірлеудің мазмұны мен әдістері. Әлеуметтанулық зерттеу бағдарламасы: қызметтері, құрылымы, логиканы құру, мақсаты және негізгі элементтер туралы жалпы түсінік. Әлеуметтанулық зерттеу бағдарламасының теориялық бөлігін құру процедуралары. Әлеуметтанулық зерттеу бағдарламасының теориялық-әдістемелік бөлігін құру процедуралары. Әлеуметтанулық зерттеу объектісі мен пәнін концептуализациялау. Әлеуметтанулық зерттеулерде гипотезалар құру.

Тақырып 5. Әлеуметтанулық зерттеулердің негізгі кезеңдері.

Әлеуметтанулық зерттеулердің ғылыми ұйымдастырылуы –сенімді әлеуметтік ақпарат алудың шарттары. Әлеуметтанулық зерттеу танымдық қызметтің түрі ретінде.

Әлеуметтанулық зерттеу құрылымында үлгілеудің негізгі әдістерін жүзеге асыру. Әлеуметтанулық зерттеулердің жіктелуі: іргелі және қолданбалы, теориялық және эмпирикалық зерттеулер. Әлеуметтанулық зерттеулердің дайындық, негізгі және қорытынды кезеңдері. Өртүрлі зерттеу процедуралары мен әлеуметтанулық зерттеулердің бірізді кезеңдері арасындағы сабақтастық. Зерттеудің теориялық-философиялық және дүниетанымдық алғышарттары. Әдістеме және зерттеудің әдістер жиынтығы зерттеу бағдарламасының өзара байланысты және өзара толықтырушы бөліктері ретінде.

Тақырып 6. Әлеуметтанулық зерттеуді жоспарлау. Зерттеудің стратегиялық жоспары. Барлаулық, сипаттамалық, эксперименттік зерттеу жоспары. Зерттеу стратегиясы. Әлеуметтанулық зерттеу жүргізу құралдарын жасау. Респонденттерді таңдау әдістемесі. Іріктеуді құру. Әлеуметтанулық зерттеулердегі құжаттама. Әлеуметтанулық зерттеулердің далалық кезеңін ұйымдастыру мен жоспарлаудың негізгі кезеңдері.

Тақырып 7. Сандық зерттеулердің теоретикалық-әдістемелік негізі. Әлеуметтанудағы сандық әдістер, олардың жіктелуі, әлеуметтік шындықты танудағы орны. Сандық әдістермен жүргізілетін классикалық зерттеулер. Әлеуметтанудағы сандық өлшеу мәселесі. Әлеуметтік сипаттамаларды өлшеу бойынша практикum. Өлшеу, валидтілік, сенімділік. Шкалалау. Шкала түрлері. Әлеуметтанудағы кодтау және оның ерекшеліктері.

Тақырып 8. Сапалы зерттеу әдістемесі және деректерді талдау. Сапалы әдістемедегі қоғамдық саланы және әлеуметтік коммуникацияларды зерттеу стратегиялары. Әлеуметтік ғылымдар саласындағы тарихи және салыстырмалы талдау. Сұхбат сапалы әдіс ретінде. Эксперттік сұхбат. Терең сұхбат. Зерттеу пәні туралы бәрін білетін немесе ештеңе білмейтін тұтынушылардың санаттарымен сұхбат. Сұхбатты жүргізу тәжірибесі: институтциональды, ұйымдастырушылық және психологиялық шеңберлері. Сұхбатты жүргізуді жоспарлау. Инструментарияны әзірлеу.

Тақырып 9. SPSS компьютерлік бағдарламасы негізінде заманауи әлеуметтанулық зерттеулерде әлеуметтанулық ақпаратты кодтау, өңдеу. Әлеуметтанулық ақпаратты өңдеу мен талдаудың теориялық негіздері және SPSS мүмкіндіктері. Бағдарламаның негізгі ерекшеліктері және SPSS-ке жұмысқа дайындық. SPSS-ке деректерді енгізу және деректер файлдарымен жұмыс. Мәліметтерді өзгерту және түрлендіру. Сипаттамалық статистика әдістері, орталық тенденция мен таралу өлшемдері.

Тақырып 10. Эмпирикалық ақпаратты талдау және интерпретациялауда математикалық әдістерді қолдану. Екі өлшемді тәуелділікті талдау. Біріктіру кестесі. Топтардағы көрсеткіштердің орташа мәндерін салыстыру. Дисперсиялық талдау. Корреляциялық талдау. Регрессиялық талдау. Факторлық талдау. Кластерлік талдау. SPSS-тегі синтаксис. SPSS-те индекстер құру. SPSS-те талдау нәтижелерін ұсыну

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Джордж Ритцер, Джеффри Степницкий. Әлеуметтану теориясы. – Астана: «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ., 2018. – 856 б. 2. Громов И., Семенов В. Западная социология в 2 ч. Учебник. - Litres, 2020. 3.
2. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. Социология: Уч. пособие. – Алматы: Эверо, 2016. – 584 с. 4.
3. Абдирайымова Г.С. Социология молодежи: Уч. пособие. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2012. – 224 с. 5.
4. Ritzer G., Stepnisky J. Sociological Theory. – Los Angeles: Sage, 2018. 802 p
5. Әбсаттаров Р.Б., Әлеуметтану: өзекті мәселелер (Екі томдық оқу құралы).-Алматы, 2020.

6. Тощенко Ж.Т. Социология. М., 2011.
7. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы : Қазақ университеті 2005.
8. Биекенов К.У. Институционализация казахстанской социологии.-Алматы: Қазақ университеті,- 2006.
9. Жаназарова З.Ж., Нурбекова Ж.А. Социальная безопасность. Учебное пособие. Алматы Қазақ университеті. 2016
10. Превентология в молодежной среде (руководство для преподавателей) по совместной образовательной программе КазНУ и УРФУ: учебно-методическое пособие/ Отв.ред А.Р. Масалимова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
11. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. – Алматы: Эверо, 2014.
12. Маликова Н.Н., Рыбакова О.В. Дизайн и методы социологического исследования. Екатеринбург: Издательство Уральского университета, 2014. -234 с. 13. Тюрин Ю.Н., Макаров А.А. Анализ данных на компьютере: учебное пособие. – М.: ИД «ФОРУМ», 2014. – 320 с
13. Бачинин В., Сандулов Ю. История западной социологии. -2002. -384с.
14. Шаукенова З.К. Лидер нации и формирование интеллектуального потенциала страны // Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015 г.
15. Шаукенова З.К., Абдирайымова Г.С., Веревкин А.В., Кенжакимова Г.А., Бурханова Д.К. Ценности и идеалы независимого Казахстана // Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК 2015г.
16. Жаназарова З.Ж. Семья в условиях трансформации общества. Монография. Алматы. Қазақ университеті. 2017
17. Биекенов К.У., Садырова М.С. Әлеуметтану. Ұғымдар мен баламалар. Алматы, Эверо 2011 г.
18. Садырова М.С., Омарова А.Т. Білім әлеуметтануы. // ЖШС Эверо 2011г.
19. Исмуханова Г.Г. «Мониторинг защиты детей от жестокого обращения и сексуальной эксплуатации». // Печатный дом "Колесо" 2009г.
20. Нурбекова Ж.А. Сарыбаева И.С. Отандық әлеуметтануы тарихы // Қазақ университеті 2012г.

Докторантураға түсуге арналған бағалау жүйесінің 100 балдық шкаласы:

| Докторантураға түсу емтихан блоктары | Балл |
|--|------|
| ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы өткізетін оқуға түсушімен сұхбаттасу | 30 |
| Эссе | 20 |
| Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары | 50 |
| Барлығы | 100 |

* Қосымша ақпарат Ұлттық тестілеу орталығы сайтында <https://testcenter.kz/doktorantura-a-t-sushilerge/>